«Долинка кенті әкімінің аппараты» мемлекеттік мекемесінің қызметіндегі сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне жүргізілген ішкі талдау нәтижелері бойынша талдамалық анықтама

Долинка кенті **2026 жыл 12 маусым**

Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау Қазақстан Республикасының 2015 жылғы 18 қарашадағы «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» Заңының 8-бабының 5-тармағына, Қазақстан Республикасы Мемлекеттік қызмет істері министрінің 2016 жылғы 19 қазандағы №12 «Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізудің үлгілік қағидаларын бекіту туралы» бұйрығына, сондай-ақ Қазақстан Республикасы Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігі (Сыбайлас жемқорлыққа қарсы қызмет) Төрағасының 2022 жылғы 30 желтоқсандағы №488 бұйрығымен бекітілген Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізу жөніндегі әдістемелік ұсынымдарға сәйкес жүргізілді.

Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне талдау жүргізу мақсатында Долинка кенті әкімінің 2026 жылғы 14 мамырдағы №32-ө өкімімен 5 адамнан тұратын жұмыс тобы құрылды.

Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау нысаны ретінде «Долинка кенті әкімінің аппараты» ММ қызметінің келесі бағыттары айқындалды:

1) сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау нысанының қызметін реттейтін заңнамадағы сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін анықтау;

2) сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау нысанының қызметіндегі персоналды басқару, мүдделер қақтығысын реттеу, мемлекеттік қызметтер көрсету және мекеменің ұйымдастырушылық-басқарушылық қызметінен туындайтын өзге де мәселелер бойынша сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін анықтау.

Талдау жүргізу мерзімі:

2026 жылғы 18 мамырдан 27 маусымға дейін. Ішкі талдау объектісі қызметінің талданатын кезеңі: 2025 жыл және 2026 жылдың 5 айы.

I. ЗАҢНАМАДАҒЫ СЫБАЙЛАС ЖЕМҚОРЛЫҚ ТӘУЕКЕЛДЕРІН АНЫҚТАУ

Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізу жөніндегі жұмыс тобы «Долинка кенті әкімінің аппараты» ММ өз қызметінде басшылыққа алатын кодекстерді, заңдарды, нормативтік құқықтық актілерді және өзге де құқықтық актілерді зерделеді.

«Долинка кенті әкімінің аппараты» ММ ережесін зерделеу барысында мемлекеттік мекеменің қызметіне қатысты функциялар, құқықтар мен

міндеттер және олармен байланысты нормативтік құқықтық актілер талданды. Атап айтқанда: Қазақстан Республикасының 2025 жылғы 15 наурыздағы № 171-VIII Бюджет кодексі; «Ветеринария туралы» Қазақстан Республикасының 2002 жылғы 10 шілдедегі № 339 Заңы; Қазақстан Республикасының 2012 жылғы 16 ақпандағы «Әскери қызмет және әскери қызметшілердің мәртебесі туралы» Заңы; Қазақстан Республикасының 2024 жылғы 1 шілдедегі «Мемлекеттік сатып алу туралы» Заңы; Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2024 жылғы 9 қазандағы № 687 «Мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру қағидаларын бекіту туралы» бұйрығы; Қазақстан Республикасының 2016 жылғы 1 қаңтардағы «Мемлекеттік қызмет туралы» Заңы; Қазақстан Республикасының 2015 жылғы 23 қарашадағы № 414-V Еңбек кодексі; Қазақстан Республикасының 2003 жылғы 20 маусымдағы № 442-II Жер кодексі; Мемлекеттік мекеме көрсететін мемлекеттік қызметтердің стандарттары мен регламенттері; Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы № 148 «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» Заңы; Мемлекеттік мекеме көрсететін мемлекеттік қызметтердің стандарттары мен регламенттері.

Жүргізілген талдау нәтижесінде сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтарын жасауға ықпал ететін келесі дискрециялық өкілеттіктер мен нормалар анықталды:

1. Бюджет саласында құқықтық актілерді қабылдауды реттейтін құқық нормаларының қайшылықтары анықталды: 2025 жылғы 15 наурыздағы Қазақстан Республикасының Бюджет кодексінің 93-бабының 1-тармағына сәйкес бюджетті атқарудың негізі республикалық немесе жергілікті бюджетті атқару барысында қабылданатын аудандық маңызы бар қалалар, ауылдар, кенттер, ауылдық округтер әкімдерінің шешімдері болып табылады. Ал 2001 жылғы 23 қаңтардағы «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 37-бабының 3-тармағына сәйкес әкім нормативтік құқықтық сипаттағы шешімдер және әкімшілік-өкімдік, жедел әрі жеке сипаттағы мәселелер бойынша өкімдер шығарады.

Сонымен қатар, 2016 жылғы 6 сәуірдегі «Құқықтық актілер туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 7-бабы 2-тармағының 9) тармақшасына сәйкес әкімдердің шешімдері нормативтік құқықтық актілердің негізгі түрлеріне жатады.

Әкім мәслихаттың нормативтік құқықтық шешімімен бекітілген бюджетті атқару жөніндегі актіні қабылдау кезінде құқық нормасын белгілемейді, керісінше мәслихаттың нормативтік актісімен белгіленген норманы іске асырады.

Қорытындылай келе, кент әкімі бюджетті атқару үшін нормативтік емес құқықтық актіні өкім нысанында қабылдауы тиіс, алайда қазіргі уақытта жоғарыда көрсетілген кодекс пен заң нормалары арасында қайшылықтар туындап отыр.

2. Мемлекеттік қызметтерді электрондық үкімет веб-порталы арқылы көрсету кезінде коллизиялар анықталды: ҚР мемлекеттік қызметтер тізіліміне 2020 жылғы 30.01 №39/НҚ сәйкес, жергілікті өкілді

ұйымдарының шешімдері бойынша мұқтаж азаматтардың жекелеген санаттарына әлеуметтік көмек тағайындау мемлекеттік қызметі көзделген. Ережелерге сәйкес, мемлекеттік қызметті алу кезінде өтініштер қызмет берушіге, ауыл, кент әкіміне, «Азаматтарға арналған үкімет» мемлекеттік корпорациясы» КЕАҚ-қа, ҚР электрондық үкімет веб-порталы арқылы қабылданады. Қызмет көрсету қағидаларының 2-бөлім, 7-тармағына сәйкес электрондық өтініш қызмет берушіге немесе ауыл, кент әкіміне түседі. Аталған қызмет бойынша нақты электрондық ақпараттық жүйеге өтініштің қайсысы түсетіні көрсетілмеген. Сонымен қатар электрондық үкімет веб-порталы арқылы өтініш берген кезде мұқтаж азаматтардың санаттары енгізілмеген. Осыған байланысты аталған мемлекеттік қызмет қағаз түрінде көрсетіледі.

Осыған орай, мұқтаж азаматтардың санаттарын енгізу және электрондық өтініштің одан әрі өңделуі үшін қай ақпараттық жүйеге түсетінін нақтылау бойынша түзетулер енгізу қажет.

Талдау нәтижелері бойынша дискрециялық өкілеттіктер мен сыбайлас жемқорлық құқықбұзушылықтардың жасалуына ықпал ететін нормалар анықталған жоқ.

II. ПЕРСОНАЛДЫ БАСҚАРУ ҚЫЗМЕТІН ЗЕРТТЕУ

«Долинка кенті әкімінің аппараты» ММ-нің ұйымдастырушылық-басқарушылық қызметінде 2025 жыл және 2026 жылдың 5 айы кезеңінде ішкі сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне талдау келесі бағыттар бойынша жүргізілді:

Персоналды басқару, соның ішінде кадрлардың ауысымдылығы.

Долинка кенті әкімі аппаратының штаттық саны 8 бірлікті құрайды. Қазіргі уақытта 1 бос лауазым бар, қызметкерлердің ауысу фактілері жоқ.

Мүдделер қақтығысы.

Аталған кезеңде жүргізілген талдау барысында мүдделер қақтығысы фактілері, сондай-ақ басшымен аффилиирлену, жақын туыстардың, ерлі-зайыптылардың және жекжаттардың бірлесіп қызмет атқаруы (жұмыс істеуі), лауазымды тұлғалардың мемлекеттік сатып алулар, жекешелендіру, мүлік пен активтерді сатып алу немесе сату кезіндегі аффилиирленуі фактілері анықталған жоқ.

Мемлекеттік қызметшілер үшін қолданыстағы заңнамада белгіленген сыбайлас жемқорлыққа қарсы шектеулер мен тыйымдарды (оның ішінде коммерциялық ұйымдарды сенімгерлік басқаруға беру және т.б.) бұзу фактілері мемлекеттік қызметшілер арасында анықталған жоқ, мемлекеттік қызметшілер декларацияны жыл сайын тапсырады.

Долинка кенті әкімі аппаратының стендінде және Шахтинск қаласы әкімдігінің сайтында кент әкімі мен Шахтинск қалалық мәслихаты депутаттарының азаматтарды қабылдау кестесі, Шахтинск қаласы, Қарағанды қаласы әкімі аппаратының әдеп жөніндегі уәкілінің қабылдау кестесі, сенім телефонының нөмірі, мемлекеттік қызметшілердің Әдеп кодексі, құрмет тақтасы, сондай-ақ сыбайлас жемқорлық құқықбұзушылық жасаған тұлғаларға арналған тақта орналастырылған. Мекемеде азаматтардың лауазымды тұлғалардың заңсыз әрекеттері туралы өтініштері мен арыздарына арналған жәшік орнатылған.

Азаматтар мен заңды тұлғалардан қолданыстағы заңнаманы бұзу мәселелері бойынша, қызметкерлердің әрекеттеріне қатысты шағымдар түскен жоқ.

Әр аппараттық кеңесте мемлекеттік қызметшілердің Әдеп кодексі мен Қазақстан Республикасының сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнамасын сақтау мәселелері қаралады.

Халықтың әртүрлі топтары арасында сыбайлас жемқорлық ұғымын, азаматтардың сыбайлас жемқорлық фактілерімен кездескен кездегі әрекет ету тәртібін, сондай-ақ мұндай фактілерге жәрдемдескені үшін жауапкершілікті түсіндіретін жадынама таратылған.

Құқықтық жалпыға бірдей оқыту жоспарына сәйкес тоқсан сайын мемлекеттік қызметтерді көрсету, стандарттар мен регламенттерді зерделеу бойынша сабақтар өткізіледі.

Аталған кезеңде «Новый вестник» газетінде 4 мақала жарияланған. Қазақстан Республикасы Цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі министрінің міндетін атқарушының 2020 жылғы 31 қаңтардағы №39/НҚ бұйрығына сәйкес 2025 жылы Долинка кенті әкімі аппараты көрсететін мемлекеттік қызметтер тізбесіне 7 мемлекеттік қызмет кірген.

Тексерілетін кезеңде кент әкімі аппаратына мемлекеттік қызметтер сапасы бойынша шағымдар түскен жоқ.

Мемлекеттік қызметтерді көрсету сапасы және олардың орындалуы тұрақты бақылауда.

Бюджеттік қаражаттар бюджет өтінімі экономика және қаржы бөлімімен, мәслихатпен келісілгеннен кейін бөлінеді, сондай-ақ бұл ақпарат кент әкімі тұрғындармен өткізетін есептік кездесулерде жария етіледі, жергілікті қоғамдастық мүшелерінің жиналыстарында жұмыстарды жүргізу мәселелері талқыланады.

Мемлекеттік қызметтерді көрсету тәртібі туралы халықтың хабардарлығын арттыру бойынша іс-шаралар жүргізілуде: ақпараттық материалдар мемлекеттік мекеменің стендіне ілінеді, буклеттер мен жадынамалар таратылады, семинарлар өткізіледі. Кент әкімі аппаратының ғимаратында әрбір тұрғын электрондық цифрлық қолтаңба арқылы «электрондық үкімет» веб-порталы арқылы өз бетінше қызмет ала алатын өзіне-өзі қызмет көрсету бұрышы орналасқан.

Әрбір мемлекеттік қызмет түрі бойынша өтініштерді тіркеу журналдары жүргізілген. Журналдар іс номенклатурасына енгізілген, тігілген, нөмірленген және мөрмен бекітілген.

Барлық қызметкерлерге мемлекеттік қызметтер көрсету кезінде қолданыстағы заңнама нормаларын қатаң сақтау талаптары жеткізілген.

Барлық мемлекеттік сатып алулар электрондық түрде жүзеге асырылады.

Мемлекеттік сатып алу рәсімдерінің ашықтығын арттыру мақсатында жылдық мемлекеттік сатып алу жоспары веб-порталда жарияланады. 2025 жыл және 5 ай ішінде бекітілген жоспарға сәйкес 201 рәсім өткізілген.

Шарттар жасалған:
100 — тікелей шарт жасасу арқылы бір көзден алу тәсілімен;
42 — баға ұсыныстарын сұрату әдісімен;
21 — конкурс арқылы;

38 шарт мемлекеттік сатып алулар өтпеген жағдайда Қазақстан Республикасының «Мемлекеттік сатып алу туралы» Заңының 16-бабы 2-тармағына сәйкес бір көзден жасалған.

Барлық мемлекеттік сатып алу шарттары тараптармен белгіленген мерзімде қол қойылған. Бұзушылықтар анықталған жоқ.

Жұмыс тобы Долинка кенті әкімі аппаратының қызметінде келесі сыбайлас жемқорлық тәуекелдері болуы мүмкін деген қорытындыға келді:

1) қабылданған сыбайлас жемқорлыққа қарсы шектеулер мен тыйымдарды қасақана немесе абайсызда бұзу тәуекелдері;

2) мемлекеттік қызметтер көрсету кезінде қызметкерлердің қызмет алушылармен тікелей байланыс жасау тәуекелдері;

3) жеке және заңды тұлғалардың өтініштерімен жұмыс істеу кезіндегі тәуекелдер.

Ұсынымдар:

1) құқықтық жалпы оқыту бойынша сабақтарды өткізуді жалғастыру;

2) уәкілетті органдар өкілдерінің қатысуымен бірлескен семинар-кеңестер, дөңгелек үстелдер өткізу;

3) мемлекеттік қызметшілердің қабылданған сыбайлас жемқорлыққа қарсы шектеулер мен тыйымдарды қатаң сақтауын қамтамасыз ету;

4) қызметкерлердің Қазақстан Республикасының сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнамасы нормаларының, Қазақстан Республикасының мемлекеттік қызметшілерінің Әдеп кодексінің, мемлекеттік қызметтер стандарттары мен регламенттерінің талаптарын мүлтіксіз орындауын қамтамасыз ету.

Жұмыс тобының басшысы: **А.С. Тусупов**

Жұмыс тобының мүшелері: **А.Ш. Шаповалова**

А.А.Клименко

С.В. Удод

Т.А. Давыдова